

**Мектепке дейінгі, жалпы орта білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтердің, колледж және ЖОО студенттерінің арасында «Жаңа жылдық букет» тақырыбында қашықтықтан өткізілетін Республикалық байқауының ережелері**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің, колледж және ЖОО-ның студенттерінің арасында республикалық «Жаңа жылдық букет» байқауын қашықтықтан өткізу ережелері (бұдан әрі – Байқау) оны өткізудің мақсаты, міндеттері мен тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – балалардың жаңа жылдық іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізу тәжірибесін анықтау және оны тарату.

Міндеттері:

балалар аудиториясында іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуде заманауи талаптарға жауап беретін жаңа шығармашыл әдістер мен тәсілдерді іздестіру;

шығармашылық байланыстарды нығайтуға, репертуардың кеңеюіне, театрлық қойылымдардың және ойын бағдарламаларының көркемдік деңгейін арттыруға ықпал ету;

жаңа жылдық мереке мәдениетінің аясында балалардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау;

ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді пайдалану;

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

### **2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

5. Интернет-байқау 2015 жылғы 10 қараша - 2016 жылғы 16 қаңтар аралығында балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың мақсатына, тақырыбы мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2016 жылғы 11 қаңтарға дейін [novogodniy.buket@mail.ru](mailto:novogodniy.buket@mail.ru) электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7172) 24-93-03; **Каримова Зауре Калиевна.**

8. 2016 жылғы 11 қаңтардан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды.

9. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауап бермейді.

10. Байқау ұйымдастырушылары жеңімпаздардың жұмыстарын авторға сілтеме жасап, БАҚ басылымдарында және интернетте жариялауға құқылы.

11. Байқауға қатысу үшін **педагогтер – 3000 (үш мың)** теңге төлемақы төлейді.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

(Резидент)

Төлемақы келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ91856000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды – 859

Төлемақының мақсаты: **«Жаңа жылдық букет»** интернет-байқауы. Байқауға қатысушының (жіберушінің) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, [novogodniy.buket@mail.ru](mailto:novogodniy.buket@mail.ru) электрондық поштасы арқылы жіберу қажет.

12. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2015 жылғы 16** қаңтарда [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтына жарияланады.

### **3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар**

13. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ колледж және ЖОО-ның студенттері, үздік педагогикалық жасақтары қатыса алады.

14. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған жаңа жылдық ертеңгілік сценарийі;

- бастауыш мектеп білім алушыларына арналған қойылым сценарийі;

- негізгі мектеп білім алушыларына арналған жаңа жылдық шоу-бағдарламаның сценарийі;

- жоғарғы сынып, колледж және ЖОО білім алушыларына арналған жаңа жылдық бал-маскарадтың сценарийі.

15. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады:

1. **Титул парағында** келесі мәліметтерді көрсету қажет:

- авторы немесе құрастырушы (Т.А.Ж. толығымен).

- білім беру ұйымы, аудан (қала/ауыл), облысы;

- лауазымы, email;

- байқау және номинацияның аталуы;

- сценарийлік әзірлеменің атауы;

- бағдарламаның қандай жас санатына арналғаны;

- байқауға жіберілген жұмыстың күні, айы, жылы.

**2. Түсініктеме хат:**

- іс-шараның мақсаты, міндеттері;
- өткізу орны, аудиториясы;
- реквизиттері;
- қатысушылар.

**3. Іс-шараның сценарийі.**

**4. Сценарийді дайындау барысында қолданылған әдебиеттер тізімі.**

**5. Қосымша:**

- костюмдердің эскиздері, суреттері және басқа материалдар

**16. Байқауды бағалау критерийлері:**

- ұсынылған жұмыстар бұрын жарияланбаған болуы тиіс;
- жұмыс Байқаудың тақырыбына және номинацияларға сәйкес болуы тиіс;
- сценарийдің көркемділігі;
- жұмысты ресімдеу сапасы;
- мазмұны мен түрдің бірізділігі;
- сценарийдің идеясына көркем құралдарының сәйкестігі;
- өзектілігі мен жаңашылдығы.
- жаңажылдық көрініс енгізу;
- сюжет ерекшелігі, әзілі, креативтілігі

17. Бөгде адамның еңбектері мен Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады (басқа автордың еңбегі пайдаланылған жағдайда, оған сілтеме жасалуы қажет). Байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністері, адамның немесе топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы тиіс.

*Ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.*

**4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

18. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарының дипломдары мен қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары жүктеп алу мүмкіндігімен <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> сайтта орналастырылады